			 Күн астындағы Күнікей қыз АРУНА		



Қазақстан Республикисы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» атты Қазақстан халқына жолдауы бойынша №98 ЖББМ КММ ұжымында талқылау жүргізілді. Мектеп директоры М.С.Аширбекова ҚР Президентінің биылғы кезекті Жолдауы бойынша өз пікірін білдірді. Сонимен қатар, биылғы жолдаудың ерекшеліктеріне тоқтала келіп, елімізде болып жатқан саяси озгерістер мен реформаларға, жаңаша бастамаларды атай келіп, мемлекеттік саясатты қолдауға шақырды.

		Қазақстан Республикасының Президентінің жолдауларын қолдау 2022 – 2023 жылдарға арналған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында 5-7сыныптарда «Денсаулық сабақтары» атты сынып сағаттары өтті. 30 қазан күні «Мемлекеттік рәміздер- біздің мақтанышымыз» атты акция болып өтті. Аталған шараға ұстаздар, білім алушылар қатысты. 24 қараша күні «Ұлттық валюта-ұлт мақтанышы» тақырыбында 9-10 сынып оқушыларының арасында сынып сағаттары өтті. Желтоқсан айының алғашқы аптасында «Мен және менің елім – Тәуелсіз Қазақстан» атты Тәуелсіздік күніне орайластырылған АРТ көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты жас жеткіншектерді Отан сүйгіштікке тәрбиелеу, тіліне, ұлтына,		

		дәстүріне деген сүйіспеншілікті ояту болып табылады. 2023 жылдың 1 наурыз күні еліміз аумағында аталып өтілетін «Алғыс айту» күніне орайластырылған 4 а сыныбы мерекелік іс-шара өткізді. Аталған іс-шараға байланысты ұлттар арасындағы татулық пен сыйластықты, халықтар достығы мен ұлттық құндылықтарды әспеттеу жүргізілді.		

Сәуір айында мектебімізде 5-9 сыныптар арасында Тау тұлға" атты мәдениет

		қайраткеріне арналған танымдық сағаттары өтті. Темірбек Жүргенов – ұлттың болашағын ойлап, тіліміз бен діліміздің, салт-дәстүріміздің, мәдени құндылықтарымыздызды ұлықталуына айрықша іңкәрлікпен атсалысқан бірегей тұлға. Темірбек Жүргенов есімі қазақ халқына ғана емес, Орта Азия халықтарына ортақ тұлға. **Мамыр айының басында Ұлы жеңіс мерекесіне орайластырылған іс-шаралар өткізілді.** Ел халқына шат-шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз. Армиямыздың айбынын асқақтататын		

		сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. **3-бағыт. Ұлттық тәрбие.** **Мақсаты:** жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау. Қыркүйектің алғашқы аптасында «Мемлекеттік тіл-менің тілім» атты тілдер мерекесіне орай ұйымдастырылған сынып сағаттары мен мектепішілік іс-шараларда А.Байтұрсынұлының шығармашылығына байланысты тәрбие сағаттары өтті. Іс-шара барысында ақынның шығармашылығынан бірқатар қойылымдар қойылып, өлеңдер оқылды. Мақсаты: А.Байтұрсынұлының шығармаларын басқа ұлт өкілдері арасында кеңінен тарату, мемлекеттік тілде басқа ұлттардың балаларының А.Байтұрсынұлының шығармаларын жаттау және өз өнерлерін ортаға салу болды. Мемлекеттік тілдің		

		қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілін білу деңгейін көтеру және оқып үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру. Патриоттық сезімін оятып, тілін, Отанын, елін, жерін сүюге, салт - дәстүрін, тарихын құрметтеуге тәрбиелеу Қаңтар айында қазақ халқының біртуар перзенті Д.А.Қонаевтың туғанына 111 жыл толуына байланысты 8-11 сыныптар арасында «Ғасырдың дара перзенті» атты сынып		

		сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушыларға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы мәлімет беру, өмірі, атқарған еңбектері туралы ақпарат беру. Ақпан айында «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында 8-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Мақсаты: оқушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру; Қазақстан Республикасындағы лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жағдайы жөнінде мағлұмат беру. Сонымен қатар, оқушыларға қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу. Мамыр айының соңғы аптасында «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған 5-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Сынып сағатының мақсаты: - Саяси қуғын сүргін құрбандары жөнінде оқиғаны оқушыларға дұрыс терең түсінік беру, олардың саяси санасын ояту, оқушылардың адамгершілік көзқарастарын қалыптастыру. - Оқушылардың тыңдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. - Оқушылардың бойына Отан сүйгіштікке, патриоттық сезімін, ерлік, батылдық, шындық, төзімділік, адамгершілік қасиеттерін дарыту. - Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушылардың ерлігін, үлгі-өнеге ету		

4-бағыт. Отбасылық тәрбие.

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялықпедагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. Отбасы күніне орай «Үлгілі отбасы – Тәуелсіз елдің тірегі» тақырыбында лицейіміздің 5-6 сынып оқушылары және олардың отбасы бірлесіп, отбасылық бақытты сәттерді суреттейтін видео жазбасы, челлендж өткізілді.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала шыр етіп, дүние есігін ашқан сәттен бастап алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің іргетасы болып табылады.

Отбасының басты қызметі – бала тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері шақалақ дүниеге келген күннен бастап оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажетті жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттілігін толық қанағаттандыру , оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге,

		салауатты өмір салтын ұстануға, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Мақсаты: - Болашақ азаматтарды ізгілікке, өмірде өз орнын таба білуге, алдында кездесетін кедергілерді жеңе білуге, белсенді, өз ой-пікірін дәлелдей алатын, жетістікке жетуге және келешекте мықты отбасын құруға бағдарланған тұлға тәрбиелеу көзделеді. Міндеттері: - баланың өзін-өзі тануын дамыту, өсіп жетілу, айналасымен, өзгелермен үйлесімді қарым-қатынас құруға үйрету, мәдени қарым-қатынас құру, мықты отбасын қалыптастыру туралы отбасы құндылықтарын санасына сіңіру; - отбасы мүшелерінің тіл табысып түсінісуін қалыптастыру, бірін – бірі тыңдап, ата – ананы, туған – туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап құрмет тұтуға үйрету; - адамгершілік және эстетикалық, еңбексүйгіштік жағынан қалыптастыру, өзіне – өзі қызмет ету дағдыларына үйрету; денсаулығын нығайту, ақыл-ой, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. №98 ЖББМ КММ 2022-2023 оқу жылында тәрбие саласбойыншасынып сағаттары мен спорттық және сабақтан тыс іс-шаралар өткізілді. Сынып сағаттары бойынша 1-11 сыныптар оқушылары түгелдей қатысып, отбасы тәрбиесіне арналған іс-шараларға жекелеген сынып оқушылар мен ата-аналар қатысты. Атқарылған жұмыстардың нәтижесі мектеп сайты мен әлеуметтік желілерде орналастырылды. Қыркүйек айының ортасында отбасы тәрбиесіне қатысты ата-аналар мен іс-шаралар өткізу ұйымдастырылды. Бала тәрбиесіндегі отбасы рөлін көтеру. «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында мектепте «Әкелер және аналар мектебін» құру жүргізілді. Бұл жобаны құрудың мақсаты: балалар тәрбиесінде отбасы рөлін көтеру. Білім алушылардың отбасылық және әлеуметтік құндылықтары мен құзыреттерін қалыптастыруда отбасы, мектеп, әлеуметтік серіктестердің өзара ынтымақтастығын орнатуға жағдай жасау.		

2023 жылдың 2 наурыз күні бастауыш сыныптар апталығынан "Әкем, анам және мен - спортшымыз шетінен" спорттық сайыс 2 сыныптар арасында өтті. Аталған іс-шараға 2 сынпытардың ата-аналары балалары мен командалық топ құрып, спорттық ойындар бойынша өнер көрсетті.

20223 жылдың 3 наурызында «Әкеммен үйде қалғанда» деп аталатын отбасылық іс-шара өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты отбасындағы әкенің рөлін, тәрбиесі мен отбасы құндылықтарын оқушылар арасында насихаттау болып табылады. Шараға төменгі сынып оқушы қыз балалары мен олардың әкелері қатысты. Шара барысында әкелер қыз баланың бойын жинақтау, отбасылық сұрақтарға жауап беру, жағдаяттық тапсырмаларды орындау сияқты тапсырмалар орындады.

		 Мектеп психологтары «Өзара түсіністік негізі неде?» тақырыбында тренингтер, әлеуметтік педагог «Балалар тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында аз қамтылған отбасылармен жиналыс өткізді. Сонымен қатар, төменгі сынып оқушыларымен өткізілген тренинг сабақтан тыс тәрбие сағатында әр оқушы өз отбастары туралы баяндап, өздерінің отбастарындағы қарым-қатынастары туралы айтылды.		

Ақпан айында мектеп психологы мен АПБ қызметкерлерінің бірлесіп өткізген «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем» атты жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесудің негізгі мақсаты: балаларды қатыгездікпен және немқұрайлық пен қарау проблемасына қоғамның назарын аудару және қоғамда балаға зорлық-зомбылық қолайсыз болып, жасына, даму деңгейіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әр адамның өмірі мен әл-ауқаты жоғары болатын

		сенімдерді қалыптастыру. **5-бағыт. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мақсаты:** кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру,		

		экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Бұл бағыт бойынша жастардың одан әрі тұлғалық және кәсіби дамуы үшін іскерліктер мен дағдыларды алуына, қабілеттері мен жеке қасиеттерін дамытуға, сондай-ақ өз өңіріндегі қоғамдық өмірге белсене қатысуына көмек көрсету мақсатында,жастардың бастамаларын дамыту және қолдау, өзін-өзі табысты дамытуына және қоғам өміріне белсенді қатысуына; жастар жобаларының үздік практикалары мен технологияларын таратуға көмек көрсету. 2022-2023 оқу жылының басталуына орайластырылған «Алғашқы қоңырау» салтанатты мерекесімен «Білім күні» қарсаңында оқушылар мектепке жиналды. 1 қыркүйек - білім күні. Бұл күні мектеп оқушыларына алғашқы қоңырау даусы естілді. Осыған орай мектеп оқушыларына арнап 1 қыркүйек, білім күніне арналған құттықтау тілектері мен жалынды сөздер жаңа буын 1 сыныптардың алғашқы қадамына арналды. Әр жыл сайын бұл мейрам үлкен дайындықтан басталады. Сценарий, құттықтау сөздері, мектеп ұстаздарымен танысу және бірінші сынып сағаты өткізіледі. Мақсаты: Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу.		

Алматы қаласы Медеу ауданы №98 Жалпы білім беретін мектеп КММ бойынша 2022-2023 оқу жылының 5 қыркүйегінде құрылып өз жұмысын бастады. Ең алдымен мектеп оқушыларының арасында әрбір сынып бойынша белсенді оқушылар анықталып, өзін-өзі басқару тобы құрылды. Сонымен қатар, өзін-өзі басқару ұйымының төрағасын сайлау оқушылар арасында дауыс беру арқылы жргізіліп, оның төрағасы айқындалды. Ең көп дауыс жинаған 10 «а» сыныбының оқушысы Дүйсенбай Арайлым төрайымы болып сайланды. Арайлым біздің мектеп оқушыларының арасында үздік оқушы болып саналады.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айының 26 жұлдызында Кеңес мүшелері мен Комитет төрағалары тағайындалып, өзін-өзі басқару ұйымының күәліктері табысталды. Қазан айының алғашқы күні жыл сайын өткізілетін «Мұғалімдер күніне» іс-шаралар ұйымдастырып, өткізілді.

Қараша айында мектептің өзін-өзі басқару ұйымы Жалпы білім беретін мектеп

		оқушылары арасында өткен аудандық «Біздің «Жоқ» дегеніміздің маңызы!» атты әлеуметтік бастамалар жобасына қатысып «Жарқын болашақ» тобы III орынға ие болды. Өзін-өзі басқару ұйымының төрайымы Дүйсенбай Арайлым Алматы қаласы Білім		

		басқармасы "Алматы дарыны" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы" ұйымдастырған «Мен Көшбасшымын» атты қалалық слетқа қатысып, марапатталды. 2022 жылдың қазан айында мектебімізде 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Күзгі балл» мерекесі аталып өтілді. Мақсаты: «Аяулы күз, Алтын күз - 2022» сайысына қатысушылардың арасынан күз ханшайымын және күз ханшасын анықтау. Оқушылардың тапқырлығын, шеберлігін бақылау. Күз айлары туралы білетіндерін ортаға сала отырып, оқушылардың сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру. Ұйымшылдыққа, өз ойларын ортаға салып көрсете білуге, табиғатты сүюге тәрбиелеу. Сайыс сабақ. Мерекелік безендіру: Күзге байланысты қабырға газеттері мен шарлар ілу, жапырақтар, жеміс - жидектер, көкөністер т. б. қойылды		

		 №98 жалпы білім беретін мектеп КММ "Жас Қыран" және "Жас Ұлан" ұйымдары жұмыс істейді. Жетекшісі: аға тәлімгер Жания Елтай және Ұланбасы- 9«А» сынып оқушысы – Ақзер Бейсенбай. Қаңтар айында оқушылар кеңесі құрамы қайта сайланып, бекітілді. №98 жалпы білім беретін мектептің аға тәлімгері Елтай Жания мен оқушылар бірнеше іс-шараларға қатысты.		

		 2022 жылдың желтоқсан айында Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында 5 сыныптың үздік оқушыларын "Жас Қыран" және "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау іс-шарасы өткізілді. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» – өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұйым.		

		 Ағымдағы жылдың қаңтар айында «Жаратылыстану кафедрасы» бірлестігінің мұғалімдері экономикалық және экологиялық тақырыптарда сабақтан тыс тәжірибелік сабақтар өткізді. Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту мақсатымен жыл бойы төмендегідей жұмыстар атқарылды.		

6-бағыт. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Бұл бағыттың мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру; балалар мен жастардың тұлғалық ұстанымдарын жандандыру, ақпаратпен жұмыс жасауда функционалдық дағдыларын, ақпараттық өзара әрекеттесуде этикалық нормалары мен құндылықты мақсаттарын қалыптастыру. Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының ерекшелігі- оқушылардың сыныптан тыс жұмыстары және қосымша білім беру арқылы түрлі бағытта білім және дағдыларын

		дамыту. Оқушылардың шығармашылық, физикалық және зияткерлік дамуы үшін оқушыларға үйірмелер мен қызығушылығын арттыратын сабақтар (спорт, көркемөнер, зияткерлік, техникалық), сыныптан тыс жұмыстармен және элективті курстар ұсынылады. Табысты тәрбие жұмысының негізгі шарты оқу – тәрбие үдерісіне Зияткерлік мектептің барлық қызметкерлерінің қатысуы және мектептің ата – аналарымен ынтымақтастығы болып табылады. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 бағытта жұмыс жүргізеді: сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім, мәдени-көпшілік іс-шаралар. «Адал ұрпақ» ерікті клубының отырысы айына бір рет өткізеді. Жоспарға сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермейік!», «Біз жемқорлыққа қарсымыз!», «Адал еңбек бәрін жеңбек», «Жемқорлық – жат әдет» және тағы да басқа тақырыптарда сынып сағаттары өткізілген. Сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы бейнетаспалар көрсетіліп, пікір-алмасулар ұйымдастырылды.		

		 Қыркүйек айын 17 күні 5-9 сынып оқушылары Алматы қаласының күніне орайластырылған «Сәндік қолданбалы қолөнер» көрмесіне қатысып, өздерінің қолдан жасалған бұйымдарын көрсетті.		

Қыркүйек айының 21 күні өткен "Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам" байқауға «Баламалы энергия көздері» атты жобасы мен 6б сынып оқушысы Тойбазар қатысып, өз өнерін көрсетті. Байқаудың мақсаты: білім алушыларға ғылым мен техниканың әр түрлі облысындағы, өнертапқыштық, зерттеу жұмыстарына тарту, талантты балаларға қолдау көрсету, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру.

Қазан айының 20 жұлдызында мектебіміздің оқушылары Алматы қаласында өткен «Сандар сабағы» білім беру технологиясы бойынша қатысты. Жобаның мақсаты мектеп оқушыларын жасанды интелект пен таныстыру. «Сандар сабағы» барысында балалар «технологиялық стартаптар» бастамасымен танысып, оларды құрудың негізгі ерекшеліктерін іс жүзінде ашты. Бейнедәрістер форматындағы әзірленген сабақтар кез келген жастағы мектеп оқушылары үшін қолжетімді және қызықты болатындай құрылымдалған: 1–4 сыныптар, 5–7 сыныптар, 8–11 сыныптар. Білімдерін практикада

		бекіту үшін балалар ойын тренажерінен өтуге мүмкіндік алды. Қараша айында 5-6 сынып оқушылары Алматы қаласы Орталық мұражайға барып, түрлі өнер шеберлерінің қатысуы мен өткізілген шеберлік сабақтарына қатысты. Өнерге икемі бар әрбір оқушы секцияларға бөлініп, өз білімдерін шыңдады.		

Желтоқсан айында оқушыларымыз “Зерде” Республикалық жас зерттеушілердің ғылыми жобалар сайысына қатысып қалалық кезеңде жүлделі орындарға ие болды.

		Байқаудың негізгі мақсаты балалардың зерттеу кызметінің дағдыларын дамыту, кіші және орта жастағы мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру болып табылады. Дүниежүзілік интернентсіз бір күн акциясы. Оқушылардың интернетке тәуелділіктерінің алдын алу, кәмелетке толмағандардың интернет белсенділігін бақылауға қатысты ересек интернет-қызметтерді пайдаланушылардың жауапкершілігін, Интернет-пайдалану мәдениетін арттыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі 2019 жылғы 27 қаңтарда Халықаралық интернетсіз күнге арналған «Мен OFFLINE (оффлайн)» республикалық кең ауқымды акциясына қатысты.Аталған іс-шара оқушыларды смартфондардан, компьютерлерден және жаһандық желіден алшақтату, бұл күнді тек қана шынайы әлемде өмір сүруге, жақын адамдармен қарым-қатынас жасауға немесе оны сүйікті хоббиіне арнауға көмектеседі.		

Қаңтар айында жарық көрген балалар мен жасөспірімдерге арналған «Білімді ұрпақ — жарқын болашақ кепілі!» атты республикалық журналға 3 А сыныбы оқушысы Ардаққызы Дарина жарияланды.

7-бағыт. Көп мәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.

Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру мақсатында іс-

		шаралар жоспары бойынша жұмыстар атқарылды. Көркем эстетикалық тәрбие болмыстағы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдауды және эстетикалық сезім мен талғамды тәрбиелейді. Өнер және өмірдегі сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін, қажетсінуін қалыптастырады. Көркем стетикалық тәрбиенің мақсаты - оқушының бойында көркем-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, оны жоспарлы және мақсатты түрде сіңіру болып табылады. Жыл басынан бері оқушыларымыз түрлі ақын жазушылардың жырларын жатқа оқу, вокалдық және хор, би үйірмелеріне қатысып, аудандық, қалалық, республикалық байлаулардан орын алып келді. Оқу жылының басында 17 қыркүйекте қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – **Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар ұйымдастырылды.** Іс-шараға қазақ және орыс сыныптарының оқушылары қатысып, ақынның өлеңдерінен жыр жолдарын оқыды.		

		 Ақпан айында өткен қазақтың ақиық ақыны"Жазылар естеліктер мен туралы" атты ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың жыр кешіне 3 "А"сынып оқушысы Бақыткелді Ақнұр қатысып, ақынның өлеңін оқудан өз өнерін көрсетті.		

		 Ақпан айында өткен республикалық "Мағжан оқулары" байқауының қалалық кезеңінінде 10 а сыныбы оқушысы Ибинжан Жұлдыз «Өлең - менің шолпаным, айым, күнім" бағыты бойынша 1-орынды иеленіп, республикаға жолдама алды. Байқаудың мақсаты: жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары арасында Мағжан Жұмабаев шығармаларын кеңінен насихаттау.		

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«АЛМАТЫ ДАРЫНЫ» ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР МЕН ТАЛАНТТЫ
ЖАСТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҒЫ

I дәрежелі

ДИПЛОМ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «МАҒЖАН ОҚУЛАРЫ»
ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ
«ӨЛЕҢ – МЕНІҢ ШОЛПАНЫМ, АЙЫМ, КҮНІМ»
БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗЫ

№98 жалпы білім беретін мектептің
10 сынып оқушысы
Шәмшан Бауыржан

МАРАПАТТАЛАДЫ

ЖЕТЕКШІСІ: Жоймембаева Г.

ДИРЕКТОР Г. КАРИМГАЖЫ

№РМО КК D-2023-001

Ақпан айында Қазақстан Республикисы Оқу-ағарту министірлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті Ғ. Бейсембаевтің тапсырмасын орындау мақсатында білім беру ұйымдарында өткізілетін «Тоғыз айға 9 іс – шара» тұжырамдамасы негізінде 2023 жылдың 12 сәуір күні Медеу ауданы 98 жалпы білім беретін мектебінде «Шахмат ойнау» челленджі өткізілді.

		 Ақпан айында республикалық «Абай оқулары» байқауының қалалық кезеңінде 8 б сыныбы оқушысы Болат Аружан ақынның өлең жолдарын жатқа айтып, жүлдегер атанды. Байқаудың мақсаты: жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары арасында Абай Құнанбаевтың шығармаларын кеңінен насихаттау.		

8-бағыт. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

Жақсы денсаулық — адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.Табиғи қозғалыстың түрлері жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жас адамдардың денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді.

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиянкелтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

		Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесінде алға қойылған міндеті оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тұра алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық, әлеуметтік және рухани даму туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Мектеп ғимараты тиіптік жобада салынған және спорт залы ықшамды, аулада соңғы үлгіде жабдықталған спорт алаңында оқушылар жаттығады. Оқу жылының әр мезгіліне сәйкес спорт алаңын қолдану, соның ішінде қыс мезгілінде спортзалда немесе сыныптарда жоспарға сай өткізілдеі. Мысалы: шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ және т.б. ойындар кабинеттерде өткізіледі. №98 ЖББ мектеп 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде іс-шаралар жоспары, 2022-2023 оқу жылында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің алдын алуға байланысты жүргізілетін іс-шаралар жоспары, құрылып, бекітілген. Мектептің іс-шаралар жоспарына сәйкес оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналар арасында бірлескен жарыстар ұйымдастырылып отырады. Бұл өз кезегінде осы үш тарап арасында ынтымақтастықты нығайтып, мектептің салауатты өмір салтын қалыптастыруда үлкен көмегін тигізері сөзсіз екені мәлім. 2022-2023 оқу жылының 1 қазанында мектеп ұжымы Медеу ауданы ұстаздарының арасында волейболдан өткен жарыста 1 орынды жеңіп алды.		

23 қазанда 4 сынып оқушылары Алматы қаласында өткен Халықаралық таэквандодан 1 орынды жеңіп алды.

		 28 қазанда өткен Дзюдодан қалалық жарыста 3 сынып оқушылары топ жарып алдыға шықты.		

		 2022 жылдың 29 қазанында Волейболдан ата-аналар, оқушылар және ұстаздар арасында «Үштік жүйрік» деп аталатын волейбол жарысынан достық кездесу өтті. Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттай отырып, спорттық ойындарды дамыту және оқушылар, ұстаздар, ата-аналар арасында достық қарым-қатынасты нығайту. Оқушылардың денсаулығын арттыру, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімділікке және салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.		

		 Қараша және желтоқсан айларында 3-4 сынып оқушылары спорттық әр-түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.		

ДИПЛОМ

Куаныш
2012
ДИПЛОМ
ДИПЛОМ

		 2023 жылдың қаңтар мен мамыр айлары ортасындағы 3 – 5 сынып оқушыларының қалалық және аудандық жарыстарға қатысып, қол жеткізген жетістіктері.		

CERTIFICETE

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен мектепішілік спорттық іс-шаралар мен түрлі акцияларға ұстаздар, оқушылар түгел қатысып, белсенділік танытты. Денсаулық акциясының ашылу салтанатында Мемлекеттік Гимн орындалып, ұлттық

		рух шарықтады. Мектеп директоры қатысушыларды құттықтап, сәттілік тіледі. Денсаулық акциясы аясында гимнастикалық жаттығулар жасалынып, түрлі спорттық шаралар өткізіліп, жеңімпаздар дипломдар және мақтау қағаздарымен марапатталды.		

2022-2023 жылдың қыркүйек айының ортасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің алдын алуға байланысты жылдық жұмыс жоспары құрылып, жоспарға сәйкес осы апталық барысында мектеп медбикесі Жұмагулова Г 9-11 сынып білім алушыларына «Нашақорлық және оның зардабы», «Нашақорлық туралы сөйлесейік» тақырыбында әңгіме өткізді. оқушыларға нашақорлық туралы бейне фильм көрсетіліп, оның зардабы мен залалы туралы түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Отырыс барысында оқушылардың пікірлерін тыңдап, көптеген кеңестер бере отырып, жаман әдеттен аулақ болуға шақырды.

Білім алушыларды салауаттылыққа шақыру мақсатында 6-қазан Дүниежүзілік тамақтану күніне орай "Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі" онкүндігінің құжаттары әзірленіп, жоспары бекітілді.

03 қазанда «Жаңа АИТВ-инфекциясы –нөл» тақырыбында ЖИТС-ке қарсы айлықтың ашылуына байланысты жұмыс жоспары ілініп, хабарлама жасалынды.

7 қараша күні денсаулық клубының мүшелері 5-11сынып білім алушыларымен «ЖИТС –XXI ғасыр індеті» тақырыбында ашық әңгіме өткізді. АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алу байланысты мектеп медбикесі Жұмагулова Ж 5-8 сынып білім алушыларынан сынақхат,

		9-11 сынып білім алушыларынан сауалнамалар алды. 23 қарашада 9-11 сынып білім алушыларымен «Салауатты өмір салты» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Аталған шарада алдымен ЖҚТБ туралы бейне фильм көрсетілді. Содан соң тақырып бойынша дөңгелек үстелге қатысушылар өзара пікіралысты. 28 қараша күні ата-аналарға «Жат қылықтардың алдын алу» тақырыбында жаднамалар таратылды. 29 қараша айында «Есірткі және қоғам» тақырбында жоғары сынып білім алушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел басында «Социальный ролик о подросковый наркомании» тақырыбында бейне фильм көрсетіліп, осы бейне ролик бойынша ой қозғалды. Осы күні денсаулық клубының мүшелері үндеулер таратты. Айлық барысында тәрбие сағаттары өткізіліп, білім алушыларға АҚТҚ/ЖҚТБ туралы мәліметтер берілді. Айлық соңында «АҚТҚ/ЖҚТБ-ғасыр індеті» атты акция болып өтті. 5 ақпан күні мектеп медбикесі Жұмагулова Ж білім алушыларға «Тұмау белгілері, емделу шаралары, алдын алу» тақырыбында кеңестер беріп, алдын алу шараларын жасау мақсатында 23 қаңтар күні санбюллетень шығарды.. 11-16 наурыз аралығында тәрбие жұмысының дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастырубағыты бойынша апталық болып өтті. Медбике Жұмагулова Гүлнар ұстаздарға «Туберкулездің алдын алу шаралары-ахуалды жақсарту кепілі» тақырыбындадәріс оқыса, наркобекет тобының мүшелері «Біздің мақсат – туберкулёздің алдын алу!» тақырыбында жадынамалар ілді. Вирустық гепатиттердің алдын алу бойынша " 5-10 сыныптарда медбике дәріс оқып, диктант жұмыстарын алды. Мектепте наркопост тобын құрып биология пәнінің мұғалімі Ибраймова А жоспарын құрып, іс-шаралар ұйымдастырды. 11 мамыр күні Алматы қалалық ЖИТС-пен күресу орталығының дәрігері Үсенқұл Мадина Мешірқызы «АИТВ және оның алдын алу шаралары» тақырыбы бойынша жоғарғы сынып оқушыларымен дәріс өткізді. Дәрістің мақсаты: Жастар арасында АИТВ вирусының таралуының алдын алу туралы оқушылармен әңгіме		

		өткізді. 18 мамырда Алматы қаласы наркология орталығының врач-наркологы Анна Александровна Трубникова мен Медеу аудандық ІІБ кәмелетке толмағандар бөлімінің қызметкерлері 7-11 сынып оқушылары мен мектебімізде отырыс өткізді. Отырыс барысында врач-нарколог оқушыларға нашақорлықтың зардабы мен залалы туралы фильмдер көрсетіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.		